

## «Білім және технологиялық зерттеу тренинг желісі мен жаздық мектеп» семинар-конференциясы

2018 жылдың 15-19 қазаны аралығында Норвегия елінің Берген Университетінде жас ғалымдарды ғылымға тарту және оларға дұрыс ғылыми бағыт көрсету мақсатында «Білім және технологиялық зерттеу тренинг желісі мен жаздық мектеп» тақырыбында халықаралық деңгейде семинар-конференция өтті.

Конференцияны Страсбург Университеті (Франция), Якарта мемлекеттік Университеті (Индонезия), Жекеменшік Линц білім беру Университеті (Австрия), Техникалық Дрезден Университеті (Германия) мен Берген Университеті (Норвегия) ұйымдастырды. Бұл конференцияға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика және психология кафедрасының 2-курс докторанты және оқытушысы, Гүлжайна Касымова қатысты.

Семинарда талқыланған негізгі тақырып - ақпараттық коммуникативтік технология, цифрлық мәдениет пен білім беру және электрондық оқыту т.б. (Informative Communicative Technologies, Digital culture and Education and eLearning etc.). Іс-шара барысында жоғарыда аталған Университеттердің профессорлары дәріс берді, сонымен қатар барлық қатысқан жас ғалымдардың ғылыми жұмыстары талқыланды.

Конференцияға қатысушылар Европалық оқыту жүйесіне сәйкес 5 кредиттік баллға тең сертификаттар алып, елдеріне оралды.



